

**"Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 752 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 31 тамызда № 24155 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7447 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесінде:

44-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер неке шартында жұбайлар арасында бөлінетін меншік режимі белгіленбекен болса:

жұбайының біреуі Қазақстан Республикасында уақытша жүрген шетелдік болған жағдайда ("Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы) тұрғын үйлерді сатып алу жөніндегі шарттар;

жұбайының біреуі мұндай жер участкесін сатып алуға құқығы жоқ тұлға болған жағдайда (Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 23 және 24-баптары) жер участкелерін сатып алу жөніндегі шарттар нотариаттық куәландыруға жатпайды.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Нотариус мыналарды:

1) шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік занды тұлғаларға, шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасының занды тұлғаларына, халықаралық ұйымдарға, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарға, сондай-ақ қандастарға ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын, жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге, орман өсіруге, бақ шаруашылығына және саяжай құрылышына арналған жер участкелерін (Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 23 және 24-баптары);

2) шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік занды тұлғаларға, шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасының занды тұлғаларына, халықаралық ұйымдарға, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарға, сондай-ақ қандастарға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участкелерін (Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 24-бабы);

3) мемлекеттік емес заңды тұлғаларға шаруа немесе фермер қожалығын, жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге, бақ шаруашылығына және саяжай құрылышына арналған жер участкерлерін (Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 23-бабы);

4) шетелдік жер пайдаланушыларға тұрақты жер пайдалану құқығын (Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 34-бабы);

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жерді қоспағанда, жер участкесінде орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығаруға не кепілге беруге байланысты жер пайдалану құқығын иеліктен шығару не оны кепілге беру жағдайларынан басқа мемлекеттік жер пайдаланушыларға тиесілі жер пайдалану құқығын (Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 39-бабы) иеліктен айыруды куәландырмайды".

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бүйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі*

*M. Бекетаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК